

## Алғыс айту күніне арналған іс-шара

1 наурызда Қазақстан Алғыс айту күнін атап өтті. Жыл өткен сайын бұл мереке еліміздің азаматтары үшін көбірек мағынаға ие болып, оның маңыздылығы арта түсуде. Дәл осы күні елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бұл күнді қазақстандық патриотизмнің, бірлік пен достықтың жарқын мерекесі деп атауға болады. Қиын-қыстау заманда баршаның қайғысын да, қуанышын да бөліскен қазақ халқына әр ұлт өкілдері алғыс білдіретін күн.

20-ғасырдағы саяси қуғын-сүргін мен депортацияның қасіретті жылдарында миллиондаған адамдар көмек пен қолдау үшін бір-біріне алғыс айтты. Ол бәрінен айырылған адамдарға өмір сүруге, үмітті қалпына келтіруге, өмірді жаңадан бастауға күш пен мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта қуғын-сүргін дәуірінен аман өткендердің ұрпақтарымен қатар, оқиғаның куәгерлері де киелі Қазақстан жеріне жасалған қамқорлық пен қонақжайлылықты үлкен жылы лебізбен еске алады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында КТК бөлімінің студенттері Qazaq eline туп algys мемориалдық белгісіне гүл шоқтарын қою арқылы осы мерекені атап өтті.

Бұл күні барлығымыз күнде қасымызда жүрген ата-анамызға, достарымызға, туған-туыстарымызға алғыс айтамыз. Алғыс айту өте жақсы нәрсе. Адам болып туылғанымызға, адамдар арасында өмір сүріп жатқанымызға барлығымызға жылына бір рет болса да рахмет айтуымыз керек.





